# Сапар Ысқақұлы - 80 жаста

**Адамзат баласы есімінің кейінгі ұрпақтарға аңызға айналуы - табиғат берген дарынын, сол баққа ие болып, оның туын жоғарылатып, еңбекшілдігімен, көпшілдігімен, кекшілдіктен, күншілдіктен, сараңдық пен қараулықтан, астамшылдықтан, нысапсыздықтан аулақ, жандүниесінің нұрлы шуағын жан-жақтарына шаша білуден екендіктеріне бұл күндері қалың қазақ елі куә болып отырған қолы ашық, жомарт, елімізге есімі кеңінен мәлім кәсіпкер, шебер ұйымдастырушы, нағыз азамат Сапар Ысқақұлының қайырымды істері, қазақ елінен де тысқары бүкіл әлемге аян болып отыр.**



Қазақ елінде Сапардың маңдай терімен жинақтаған дәулетін бірнеше ондаған есе орап кететін жан-жақты да бай мырзалар жетерлік, бірақ та, бір де біреуі Сапар Ысқақұлы сияқты елге, жерге, халқымыздың ежелгі тарихы мен мәдени мұраларын зерттеуге оң қабақтарын танытып, жетім-жесірлерге қайырымды ата, ана сүтіне жарымай, әкенің жүрек жылуына малынған саялы алақанын сезбей өсіп келе жатқандардың жел жақтарына пана, қамқоршы *ата* болуға салқынқандылылықтарын, немқұрайлылықтарын, сараңдықтарын, қараулықтарын, ішкі жандүниелерінің жүдеуліктеріне үлгі боларық Сапардың бұл мырзалықтары туралы баспа беттерінде жарияланған елімізге есімдері әйгілі ақын, жазушылардың деректі әңгімелерінен қаншама қалың оқырмандар хабардар. Сондықтан, Сапар Ысқақұлы туралы басталған бірнеше кітаптарға жүк болатын бұл әңгімемдегі айтарымды шектеп:

-Уа! Дөңгеленген Дүние!
Өтпелі өмір өтпелі,
Өмірдің жазы, көктемі.
Әндетсе қаздар сары ала,
Қоңыр күздің жеткені.
Біреулер саған –ынталы,
Біреулер саған-өкпелі.
Қара нардай қайыспас,
Қайран шіркін-жастық
шақ,
Ол да алыстап кеткені...
-деген өміріңдегі
-Құйын қуған желмен тең
15 жасыңды,
Дауыл ұрған көлмен тең
25 жасыңды,
Ағып тұрған селмен тең
45 жасыңды,
Ел перісі 50 жасыңды,
Ел бөрісі 60 жасыңды,
Желігің басылмаған 70
жасыңды – артқа тастап,
Серілігің жалғасқан
80-ді қарсы алып,
Тордан торғай
шалдырмайтын 90-ды

асыл да дарынды ұрпақтарының алтын құрсақты анасы, немере, шөберелерінің теңдестігі жоқ таудай әжесі, Құдай қосқан қосағың Күміс Бейсекқызымен 100 жылдан да асып, 120-130 жастарыңда бұл саяхаттарыңды қол ұстасып жүріп жалғастырып, әлемге әйгілі аттарың аңызға айналып, алтын кітапқа жазуларыңа шынайы тілектес, руласың, жақын ағаңыз, Тілептің тікелей ұрпағы, бір кездерде айтыс ақыны ретінде аты шыққан марқұм Қазтай Халықұлының және бұл күндері аруаққа айналған асыл жеңгеңіз, еңбектегі қалтқысыздықтары ел есінде, өте қайырымды, ақжарқын, түрге көркем, мінезге бай Ақмоншақ Жармұхамбетқызының және Раиса Жармұхамбетқызының ұрпақтарының аттарынан жолдап отырған бұл қысқаша құттықтау, жазушылықтан аулақ болсам да, шынайы да пәк тілектерімнің қабыл болуына ниеттестігімді білдіруші, Қойлыбайдың қобызын зерттеуші.

**Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ,**
**Нұр - Сұлтан қаласы.**